

Жергілікті атқарушы органдар борышының 2018 жылға арналған лимиттерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 337 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 қыркүйекте № 15799 болып тіркелді.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 210-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар борышының 2018 жылға арналған лимиттері белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекет міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2017 жылғы 22 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 21 қыркүйектегі
№ 337 бұйрығына
қосымша

Жергілікті атқарушы органдар борышының 2018 жылға арналған лимиттері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.09.2018 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдар борышының лимиті, мың теңге
1	2	3
1	Ақмола облысы	34 738 956,4
2	Ақтөбе облысы	50 577 937,4
3	Алматы облысы	41 414 157,4
4	Атырау облысы	26 867 283,2
5	Шығыс Қазақстан облысы	55 867 155,1
6	Жамбыл облысы	36 363 487,7
7	Батыс Қазақстан облысы	34 862 191,7
8	Қарағанды облысы	50 282 859,2
9	Қостанай облысы	41 907 906,0
10	Қызылорда облысы	48 001 543,3
11	Маңғыстау облысы	22 744 067,6
12	Павлодар облысы	26 954 845,3
13	Солтүстік Қазақстан облысы	28 619 824,9
14	Түркістан облысы	31 266 828,9
15	Алматы қаласы	55 571 803,2
16	Астана қаласы	98 710 996,8
17	Шымкент қаласы	43 449 238,0